

2021 жылғы “26” тамыздың “Сағыз орта мектебі” КММ  
Қамқоршылық кеңесі отырысының  
№1 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар : 9

Қатыспағандар: 0

**I.Күн тәртібі**

1. Жалпы оқыту бойынша басшысының есебі

2. 2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы мектептің

Қамқоршылық Кеңесінің есебі

3. 2021-2022 оқу жылына арналған Қамқоршылық Кеңесінің төрағасы мен мүшелерін сайлау

4. Қамқоршылық кеңестің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау

5. Әртүрлі

**II.Тыңдалды**










1. Сағыз орта мектебі директоры Г. Жумагазина жазғы кезеңдегі мектептің жөндеу жұмыстарының қорытындылары, материалдық-техникалық базасы және жалпы мектептің оқу-тәрбие процесі туралы айтып берді. Жалпы оқыту бойынша мемлекет бөлген бюджет қаражаты туралы есеп берді.

Қамқоршылық кеңес төрағасы, кеңес мүшелерінің пікірін тыңдай келе, қамқоршылық кеңес ШЕШТІ:

1.2. Қамқоршылық кеңестің жұмысы ұйымдастырылып, кеңес мүшелері міндеттері бойынша жұмыс атқарсын.

2.2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жоспар төраға басшылығымен орындалсын.

Қамқоршылық кеңес мүшелері: /қолы қойылған

 Сүйеуов.З  
 Алпысбаева.Г  
 Тақтанова.Г  
 Тұманшинова.Г  
 Кемалов.С  
 Хисамиденова.Н  
 Ұзақбаев.Т  
 Сагидан.Н  
 Шегір.А



Сағыз орта мектебі

Қамқоршылық кеңесі отырысының №2 хаттамасы

29.11.2021 ж

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде:

1. Аз қамтылған отбасы балаларының киім кешекпен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету жұмысының қорытындысы және жеке кәсіпкерлермен, ата аналармен жүргізілген жұмыстар туралы.
2. Тәуелсіздік күніне арналған іс шараларды өткізуге қатысу.
3. Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу. Оқушыларды сұраныс бойынша аудан, ҚР Президентінің шыршасына қатысуын ұйымдастыру.
4. ҚК-нің арнайы шотын ашу үшін атқарып жатырған жұмыстар.

Бірінші сұрақ бойынша ҚК төрағасы З.Сүйеуов сөз сөйледі. Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды қамтамасыз ету қорытындысы және қайырымдылық көмек көрсеткен ЖК туралы ақпаратты айтып өтті. ҚК төрағасы соңғы үш айда (қыркүйек, қазан, қараша) көп балалы отбасылардан шыққан мектеп балаларына үлкен демеушілік көмек көрсетілгенін, азық-түлік түрінде көмек қабылдағанына тоқталып өтті. Аз қамтылған отбасыларға қаз еті, макарон өнімдері, ұн, май, сүт берілді. Мектепте «Дармарка» акциясы аяында оқушыларға арналған киім мен аяқ киім жиналды.

Екінші мәселе бойынша А.Түйебай сөз сөйледі. Тәуелсіздік күніне арналған іс шараларды өткізуге қатысу керектігін айтып өтті. Сонымен қатар Тәуелсіздік мерекесінің 30 – жылдығына арналған іс шаралармен таныстырды:

1. «Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кие!» онкүндігінің салтанатты ашылуына арналған жиын.
2. «Жадымда жаңғырған желтоқсан» сынып сағаты
3. «Тарих ақтаңдақтары» атты желтоқсан оқиғасына қатысушыларды еске алу
4. Мергендер сайысы
5. Патриоттық әскери әндер айту
6. «Тәуелсіздікке тарту» қолөнер көрмесі
7. «Жасұлан», «Жас қыран» қатарына қабылдау
8. Қ.Р. Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концерт «Ел аңсаған Тәуелсіздік»

Үшінші мәселе бойынша ҚК төрағасы З.Сүйеуов сөз сөйледі. Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу керек. Аудан, облыс әкімдігінің шыршасына оқушылардың қатысуын ұйымдастыру қажет. Арнайы өткізілетін әкім шыршасына көп балалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар бару керек. Жалпы мектеп ата аналарына мектептен тыс іс шараларға белсенді қатысуды ұсынды. Сонымен қатар мектепте өткізілетін іс-шараларға қатысудың жақсы дәстүрін жалғастыруды ұсынды.

Төртінші мәселе бойынша ҚК төрағасы сөз алып, қамқоршылық кеңес ұйымына арнайы шот ашылған жоқ, өйткені демеушілік қаражат аударылмады.




Қаулы: Бірауыздан «иә» деп дауыс беріп, қаулы етті:


1. ҚК ата-аналар комитетімен және демеушілермен тығыз жұмыс жүргізу.
2. ҚК мүшелері мен мектептің жалпы ата-аналары іс-шараларға белсенді қатыстырылсын.
3. Мектепте өткізілетін іс-шараларға қатысудың жақсы дәстүрін жалғастырсын.


ҚК төрағасы:  З. Сүйеуов


Мүшелері:  Н. Хисамеденова


 Н. Сағидан

 Г. Алпысбаева


 А. Шегірова

 Г. Тақтанова

 К. Туманшина

 Т. Ұзақбаев

 С. Кемал

Хатшы:  А. Түйебай



Сағыз орта мектебі Қамқоршылық кеңесі отырысының №3 хаттамасы.

05.03.2022 ж

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде:

1. Білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалануда көктемгі іс-шараларды және каникулдық іс-шараларды өткізу туралы.
2. Мектептің қосымша білім беру жүйесінің жай-күйі мен даму перспективаларын бағалау.
3. Наурыз мерекесін мерекелеуге арналған іс-шараларға қатысу.

Бірінші сұрақ бойынша ҚК төрағасы Сүйеуов Зәлжан сөз сөйледі. Ол алдағы көктемнің мерекелері келе жатырғанын айтып өтті. Аталған мерекелер Қазақстан мәдениетінде маңызы зор. Біз Қамқоршылық кеңес ретінде олардың өткізілуін барынша қамтамасыз етуге тиіспіз. Демеушілерді тауып, мектеп меценаттарымен келісіп, мерекелердің қаржылық жағын қамтамасыз етуіміз керек. Өткен жұмада 1-наурыз “Алғыс айту” күні аталып өтті. Сонымен қатар алда 8-наурыз мерекесі. Мектепте жыл сайын аталған мерекеге орай аналарға, мұғалімдерге арналған концерт ұйымдастырылады. Ата-аналар үшін балалар өз қолдарымен іс-шаралар, қолөнер дайындайды. Сондай-ақ мектепте “Екі жұлдыз” байқауын өткізу жоспарлануда, бұл сайысқа ата-ана мен бала қатысады. Жүлдегерлерге шағын сыйлықтар қажет. Содан кейін 14-наурыз “Көрісу айт” күні өткізіледі. Айт күні адамдар көктемде табиғаттың оянуына қуанады, ренішті кешіреді, ақсақалдартілегін айтады, бауырсақ пісіріледі. Осы күнге мен бауырсақ пен кәмпит шашуды ұйымдастыруды ұсынамын.

Алдағы көктемнің демалыс уақытына дене шынықтыру мұғалімдерінен балаларға арналған спорттық іс-шаралар ұйымдастыруын сұраймыз. Кішкентайларға арналған эстафеталар, орта буын үшін асық ату, арқан тартыс, тоғызқұмалақ. Үлкен сыныптарға волейбол мен футбол ұйымдастырса, себебі оқушылар осы спорт түріне қызығушылық танытады.

Екінші сұрақ бойынша директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Д. Даулетбаева сөз сөйледі. Жалпы мектебіміздің оқушылары 80% үйірмелермен қамтылған деп толық айтуға болады. Себебі мектеп ғимаратында орналасқан аудандық музыка мектебі жанынан ашылған домбыра үйірмесі өз жұмысын өте жақсы атқаруда. Қазіргі таңда мектебімізде көптеген үйірмелер жұмыс жасайды. Олар “Тоғызқұмалақ”, “Волейбол”, “Үстел теннисі”, “Жас эколог”, “Асық ату”, “Шахмат”, “Тарихи өлкетану”, “Вокаль “үйірмелері.

Үшінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р. Тайшыбай сөз сөйледі. Өткен жылы карантинге байланысты Наурыз мерекесін балалар толық тойлай алмады. Сондықтан біз мерекені барынша қызықты, кеңінен қарсы алуға тырысамыз. Директордың тәрбие орынбасары, тәлімгер, Парламент мүшелері және президенті мерекенің сценарийін жасайды. Ұлттық киім киіп, мектеп акт залында өткіземіз деп жоспарлануда. Мереке үшін жүлдегерлерге тапсыру үшін грамоталар қажет. Сол үшін қамқоршылық кеңестен демеушілік сұраймыз.

Төртінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы З.Сүйеуов сөз сөйледі. Қамқоршылық кеңестің жоспарланған жұмысы туралы айтып өтті.

**ҚАУЛЫ:** Бірауыздан “йә” деп дауыс беріп, қаулы етті:

1. Қамқоршылық кеңес ата-аналар комитетімен және демеушілермен тығыз жұмыс жүргізу. Көктемгі демалыс уақытында балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырылсын.



2. Қосымша білім беру ұйымдарының жұмыстары “қанағаттанарлық” деп танылсын.
3. Наурыз мерекелерін өткізу үшін демеушілік көмек ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:

 З.Сүйеуов.

Мүшелері:


 Г.Алпысбаева

 Г.Тақтанова.

 Қ.Тұманшина.

 С.Кемалов.

 Н.Хисамединова.

 Т.Ұзақбаев

 А.Шегір.

 Н.Сағидан.



Сағыз орта мектебі Қамқоршылық кеңесі отырысының №4 хаттамасы.

05.05.2022 ж

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде:

1. Мектептің Қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылындағы жұмысын қорытындылау, келесі оқу жылына жұмысын жоспарлау.
2. Үздік оқушыларды марапаттау.
3. Балалардың жазғы демалысын, сауықтыру шараларын ұйымдастыру.
4. Мектептің абаттандыру жұмыстарын жүргізу.

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрағасы Сүйеуов Зәлжан бекітілген жоспары толық орындалғандығы туралы айтты. Және 2021-2022 жылы атқарылған жұмыстарға тоқталды. Оның ішінде оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы, жағдайы нашар отбасыларға көмек көрсету, демеушілерді тарту жұмыстары жүргізілді. Келесі жылға жұмыс жоспары ұсынылды. Кеңес мүшелері ұсынылған жұмыс жоспарын талқылады және ұсыныстар енгізілді. Мектеп директоры Г.М.Жумагазина қамқоршылық кеңесінің отырысында жыл бойында үздік, екпінді оқушыларды жылдағы дәстүр ретінде марапаттауды, "Үздік оқушы", "Үздік сыныпқа" марапаттар беруге ұсыныс жасады, барлық кеңес мүшелері келісті. Токсан бойы өткен "Books Talk" кітап оқу клубының жеңімпаздарына марапаттау мен сыйлықтар табыс ету жөнінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбай ұсыныс жасап, барлық мүшелері өз келісімдерін берді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбай оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі туралы айтып өтті. Балалардың сау болып, демалуы үшін ата-аналармен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар карантиндік ережелер мен талаптарды есте сақтау керек. Балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру, балалармен жеке әңгіме жүргізіліп, маңызды ережелерді түсіндіру, көп адам жиналатын жерлерде жүрмеу, санитарлық нормаларды сақтау керек екендігі жөнінде әңгімелер ұдайы жүргізіліп тұруы керектігі баса айтылды.

Кеңес мүшесі Қ.Тұманшина бала ата-анадан үлгі алады. Ата-ананың үлгісі баланы көше мен үйде тәртіпті болуына үйретеді деп айтып өтті. Қайғылы оқиғалардан оқушыларды сақтау үшін, барлық мүмкіншіліктерді жасауға тырысу, баланың бос уақыты мәселесін шешу туралы сөз қозғады. Мектепті абаттандыру мен көгалдандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз ету мақсатында көктемгі екі айлық сенбілік өткізу іс-шаралар жоспарымен таныстырылды. Мектеп ауласына жаңадан ағаштар мен гүлдерді отырғызу, мектеп алдына кешкілік шамдар қою, мектептің ауласына қара топырақ төгу керектігі ұсынылды.

Кеңес төрағасы З.Сүйеуов бұл ұсынылған жоспарлардың болашақта мектептің дамуы мен оқушылардың жайлы ортада жүріп, жалпы оқу-тәрбиелік процесіне оң септігін тигізетінін айтып өтті.

Шешім:

1. 2021-2022 жылы атқарылған жұмыстар есебін қабылдау.
2. Келесі жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.
3. Оқушылардың жазғы демалысы пайдалы өтуіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

З.Сүйеуов.

Хатшы:



А.Түйебай.